



v2.0

TR81M



ТОСТЕР

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Пайдалану алдында мұқият оқып шығыңыз

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Қауіпсіздік шаралары жөніндегі нұсқаулық	3
Орнату, пайдалану, күтім жасау және сақтау жөніндегі ұсынымдар	4
Ерекшеліктері.....	4
Тостерді жұмыс істеуге дайындау.....	4

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ШОЛУЫ

Жиынтықтамасы	5
Жалпы түрі.....	5

ТОСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Тосттарды дайындау	6
Тостерді күту және тазалау	6

ӨЗГЕЛЕР

Техникалық сипаттамалары	7
Сәйкестік сертификаты туралы ақпарат.....	7
Ақаулықтарын іздеу	8
Сервистік қызмет көрсету	9

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

**Қауіптілік белгісі**

Пайдаланушыға жоғары кернеу туралы ескерту

ЕСКЕРТУЛЕР:

- Аспапты осы нұсқаулыққа сәйкес пайдалану.
- Аспапты ауада тез тұтанатын заттардың бұлары болуы мүмкін үй-жайларда пайдалануға болмайды.
- Тек құрылғының жиынтығына кіретін жабдықтарды пайдаланыңыз.
- Өртену немесе ток соғу қаупін болдырмау үшін құрылғының ішіне су енуіне және құрылғының жоғары ылғалдылық жағдайларында пайдаланылуына жол бермеңіз.
- Ешқашан құрылғыны өз бетіңізше ашпаңыз - ол электр тогының соғу себебіне айналуы мүмкін, құрылғының істен шығуына әкелуі мүмкін және өндірушінің кепілдік міндеттемелерін жояды. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету үшін тек ВВК сауда маркасының бұйымдарын жөндеуге уәкілетті сервистік орталықтарға жүгініңіз
- Құрылғыны электр қуаттау үшін тиісті сипаттамалары бар электр желісін қолданыңыз. Электр қуаттау желісінің кернеуі құрылғының панелінде көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс.
- Құрылғыны тікелей күн сәулелерінің, төмен және жоғары температуралардың және жоғары ылғалдылықтың әсеріне ұшыратпаңыз.
- Температура мен ылғалдылықтың күрт ауысуына жол бермеңіз. Құрылғының салқын үй-жайдан жылы және керісінше ауыстырылуы кезінде пайдалану алдында құрылғының орамасын алып, оны қоспай, 1-2 сағат күтіңіз.**
- Құрылғыға бөгде заттарды орнатпаңыз. Құрылғыны соқырлардан, құлаудан, дірілдерден және өзге механикалық әсерлерден қорғаңыз.
- Желдеткіш саңылауларды жаппаңыз және құрылғыны оның жұмыс істеуі кезінде қалыпты салқындату мүмкін болмайтын жерлерде орнатпаңыз.
- Құрылғыны тазалау кезінде абразивті материалдар мен органикалық қосылыстарды (алкоголь, бензин және т.б.) қолданбаңыз. Құрылғының корпусын тазалау үшін бейтарап жуғыш заттың шамалы мөлшерін пайдалануға болады.
- Құрылғыны электр қуаттау желісіне қосу үшін тек жерге тұйықтау кәбілімен жабдықталған розеткаларды пайдаланыңыз.
- Электр тоғы соғуын болдырмау мақсатында сымдардың немесе бүкіл бұйымның суға батырылуына жол бермеңіз.
- Құрылғыны балалармен немесе мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың қарауымен пайдалану ұсынылады. Құрылғыны балалардың ойыншық ретінде пайдалануына жол бермеңіз.
- Қосылған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Пайдаланып болған соң бұйымды желіден ажыратуды ұмытпаңыз. Сондай-ақ міндетті түрде оны жуу немесе ылғалдан сурту алдында желіден ажыратыңыз.
- Қуаттау баусымы зақымдалған кезде, сондай-ақ бұйымның қалыпты жұмысы бұзылған болса, егер ол құласа немесе қандай да бір басқа түрде зақымдалған болса тостерді пайдаланбаңыз. Уәкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.

**Ескерту белгісі**

Пайдаланушыға барлық әрекеттерді нұсқаулыққа сәйкес жүргізу туралы ескерту.

- Бұйымды үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз.
- Баусымның үстелдің өткір шетінен салақтап тұруына немесе оның қызып тұрған беттермен жанасуына жол бермеңіз.
- Бұйымды газ және электр плиталарының, сондай-ақ тұшпапештердің жанына орнатпаңыз.
- Бұйымды желіден ажырату кезінде тек ашасынан ұстаңыз, сымынан тартпаңыз - ол сымның немесе розетканың зақымдалуына әкелуі және қысқа тұйықталуды туындатуы мүмкін.
- Бұйымды тікелей мақсаты бойынша пайдаланыңыз.
- Осы бұйым тек тұрмыста пайдалану үшін арналған.
- Тостерді басқа электр аспаптарымен артық жүктелген желіге қоспаңыз, ол тостердің тиісті түрде қызмет етпеуіне әкелуі мүмкін.
- Желілік баусым сіз шатасып және сүрініп қалмау үшін, жарақат алу қаупіне жол бермеу үшін әдейі салыстырмалы түрде қысқа жасалған.
- Тостерді қатты, орнықты, тегіс, металл емес, қыздырылмаған бетте жылу көздерінен алыс орнатыңыз.
- Желілік ашаны немесе аспаптық жалғағышты ажырату құрылғысы ретінде қолданғанда ажырату құрылғысы оңай қолжетімді болуы тиіс.
- Тостер тек тұрмыстық қолдану үшін, нанды, тостарды, тоқаштарды және өзге нан-тоқаш өнімдерін жылыту/қуырып жылыту үшін арналған. Тостерде басқа өнімдерді жылытпаңыз. Тостерді өнеркәсіптік және коммерциялық мақсаттарда қолданбаңыз.
- Жұмыс істеп тұрғанда тостерді жаппаңыз. Ол құрылғының зақымдалуына және өртке әкелуі мүмкін.
- Жұмыс істеп тұрған аспаптың ішіне қарауға немесе онда қолды салуға тыйым салынады. Ол күйіп қалуға әкелуі мүмкін.
- Тостердің жұмыс беті айтарлықтай жоғары температуралы болуы мүмкін. Тостерді тұтқасынан ұстаңыз. Тостердің қызған беттеріне жанасу кезінде сақ болыңыз.
- Тостердің ішіне бөгде заттарды салуға тыйым салынады.
- Тостерді, қуаттау баусымын және штепсельдік ашаны сұйықтыққа батыруға болмайды.
- Қосу пернесі әрқашан бос жүрісті болуын және бөгде заттармен («!» күйінде бекітілмеуін қадағалаңыз. Ол құрылғының артық қызуына, оның істен шығуына және өртке әкелуі мүмкін.
- Корпустың ақаулары, деформациялары немесе қыздырғыш элементтің істен шығуы анықталған кезде дереу тостерді өшіріп, штепсельді ашасын электр қуаттау желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғының дұрыс емес қосылуы немесе мақсатына сәйкес емес қолданылуы кепілдік жағдайларға жатпайтын зақымдауларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны найзағай кезінде пайдалану ұсынылмайды.
- Осы нұсқаулықта келтірілген барлық суреттемелер шынайы нысандардың схемалық суреттері болып табылады, олар олардың шынайы суреттерінен ерекшеленуі мүмкі

ОРНАТУ, ПАЙДАЛАНУ, КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

- Құрылғыны пайдалану алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысыңыз. Оқып болған соң оны болашақта қолдану үшін сақтап қойыңыз.
- Осы нұсқаулықта келтірілген барлық суреттемелер шынайы нысандардың схемалық суреттері болып табылады, олар олардың шынайы суреттерінен ерекшеленуі мүмкін.
- Бұйымның орамасын ақырын шешіп, барлық орама материалын алыңыз. Корпус пен камераның ішкі бөліктерін шаңын кетіру үшін ылғалды шүберекпен сүртіңіз. Осы мақсатта абразивті және органикалық жуғыш заттар мен қатты ысқыштарды қолданбаңыз.
- Тостерден түтін шыққан жағдайда оны розеткадан ажыратыңыз.
- Бұл тостер жылыту үшін, өнеркәсіптік немесе зертханалық мақсаттарда пайдалану үшін арналмаған.
- Егер қуаттау баусымы зақымдалған болса, ол ВВК сервистік орталығының маманымен ауыстырылуы тиіс.
- Тостер шкафтың ішінде болмауы немесе кіріктірілмеуі тиіс, егер ол сол үшін арналған болмаса.
- Құрылғыны тұйық кеңістікке қоймаңыз – шкафтардың астына, үй-жайдың бұрышына, қоршалған құрастырмалардың ішіне – ол құрылғының қызып кетуіне және істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Тостерді қоспас бұрын корпусында, түйіспелерінде, қуаттау баусымында, штепсельді ашасында ылғалдың болмауын тексеріңіз.
- Бұл тостер міндетті түрде жерге тұйықталуы тиіс. Электр желісінің қысқа тұйықталуы орын алған жағдайда жерге тұйықтау электр тогы соғу қаупін төмендетеді. Осы тостер жерге тұйықтау сымы бар электр кәбілмен және жерге тұйықталуы бар ашамен жабдықталған. Аша жерге тұйықталуы бар розеткаға қосылуы тиіс және дұрыс орнатылуы керек. Сіздің розеткаларыңыз жерге тұйықталғанына және дұрыс орнатылғанына сенімді болмасаңыз электрші маманға жүгініңіз.

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Тұтынатын қуаты: 680-800 Вт
- Тосттарға арналған 2 бөлімше
- Термооқшауланған корпус
- Қуыру дәрежесін реттеу
- Қыздыру функциясы
- Жібіту функциясы
- Жоққа шығару пернесі
- Қызып кетуден қорғау
- Үгінділерге арналған түпқойма

ТОСТЕРДІ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДАУ

Қауіпсіздік шараларын сақтап отырып, тостерді жұмысқа дайындаңыз. Бірінші пайдалану алдында келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Тостердің орамасын шешіңіз.
- Барлық орама материалын алыңыз.
- Зауыттық орамасын сақтаңыз.
- Жиынтықтамасын тексеріңіз.
- Қауіпсіздік шараларымен танысыңыз.
- Тостерді қақпаулары мен деформациялары болуына тексеріп қараңыз.
- Бұйымның төменгі панелінде көрсетілген қуаттау параметрлері қуат беруші желі параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Тостерді қатты, орнықты, тегіс, металл емес бетке жылу көздерінен алыс, беттің шетінен барынша алыс қашықтықта орнатыңыз. Тостер беттің үстінде сырғымайтынына көз жеткізіңіз.
- Қуаттау баусымының штепсельді ашасын электр қуаттау желісінің розеткасына қосыңыз.
- Штепсельді аша мен розетканың жалғану орнында ұшқындау, сондай-ақ күйіктің иісі болмауына көз жеткізіңіз. Ұшқындау және күйіктің иісі болған кезде штепсельді ашаны розеткадан ажыратып, сіздің электр желіңізге қызмет көрсететін ұйымға және ВВК мамандандырылған сервистік орталығына жүгініңіз.
- Тостердің корпусын таза құрғақ матамен сүртіңіз.
- Тостерді алғашқы қосқанда қыздырғыш элементтердегі өндірістік майлардың қалдықтары шамалы уақытқа дейін түтін мен иіс шығаруы мүмкін, ол құрылғының істен шығу белгісі болып табылмайды.
- Құрылғының алғашқы қосылуын өнімдерсіз жасау ұсынылады

Құрметті сатып алушы, BVK компаниясының тостерін таңдауыңыз үшін алғыс білдіреміз!


Тостер - нанды, тосттарды, тоқаштарды және өзге нан-тоқаш өнімдерін жылыту/қуырып жылыту үшін арналған құрылғы. Құрылғы жеке, отбасылық, үй-тұрмыстық және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге қажеттіліктерді іске асыру үшін арналған.

Дұрыс емес пайдалануға жол бермеу, сондай-ақ дұрыс қосу үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Қосымша ақпаратты сатушыдан немесе BVK компаниясынан ала аласыз.

ЖИЫНТЫҚТАМАСЫ

Тостер1 дана
 Үгінділерге арналған алынбалы түпқойма1 дана
 Пайдалану жөніндегі нұсқаулық1 дана
 Кепілдік талоны1 дана

ЖАЛПЫ ТҮРІ



- 1 Нан салуға арналған бөліктер
- 2 Тостердің иінтірегі
- 3 Бұрылыстық ауыстырып қосқыш (қуырылу дәрежесін таңдау)
- 4 Тоқтату пернесі
- 5 Үгінділерге арналған алынбалы түпқойма

ТОСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

ТОСТАРДЫ ДАЙЫНДАУ

- Тостерді қатты, орнықты, тегіс, металл емес бетке жылу көздерінен алыс орнатыңыз.
 - Тостер беттің үстінде сырғымайтынына көз жеткізіңіз.
 - Бұрылыстық ауыстырып қосқышпен қуырылудың қажетті дәрежесін орнатыңыз. Мысалы, 3-4 күйі орташа қуырылу дәрежесіне сәйкес келеді.
 - Тостарды салуға арналған бөліктерге қойыңыз.
 - Тостердің иінін бекітілгенше төмен қарай түсіріңіз.
- Дайындау процесі басталады.
- «СТОП» пернесін басу арқылы дайындау процесін жоққа шығаруға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Дайындау процесі аяқталған кезде иінірек бастапқы қалпына оралады. Егер иінірек қажетті биіктікке дейін көтерілмесе, оны жоғарғы қалпына қолмен ауыстыруға болады.
- Жұмыс істегенде тостердің жоғарғы бөлігі қызады. Тостардың кесектерін қолмен алып шығуға тырыспаңыз, ол күйіп қалуға әкелуі мүмкін. Құрылғының суығанын күтіңіз.

ҚЫЗДЫРУ ФУНКЦИЯСЫ

Егер нанды немесе тосттарды жылыту қажет болса, тостердің иінін бекітілгенше төмен қарай түсіріңіз және "Жылыту" пернесін басыңыз. "СТОП" пернесін басу арқылы қыздыру процесін тоқтатуға болады.

ЖІБІТУ ФУНКЦИЯСЫ

Егер нанды немесе тосттарды жібіту қажет болса, бұрылыстық ауыстырып қосқышты қажетті қалпына қойып, тостердің иінін бекітілгенше төмен қарай түсіріңіз және "Жібіту" пернесін басыңыз, тостердің жұмыс істеу ұзақтығы жібіту үшін қажет қосымша уақытты ескерумен ұзарады. "СТОП" пернесін басу арқылы жібіту процесін тоқтатуға болады.

ТОСТЕРДІ КҮТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Тостерді қуаттаушы электр желісінен өшіріңіз. Тостердің суығанына көз жеткізіңіз. Тостердің сыртқы бетін таза, жұмсақ, ылғалды матамен сүртіңіз. Абразивті немесе агрессивті тазалағыш заттарды қолданбаңыз.

Арнайы тазалағыш заттарды пайдалану кезінде оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықты орындаңыз, ол орамада немесе сатушымен берілетін қосымша материалдарда орналасуы тиіс.

Үгінділерге арналған түпқойманы алып шығыңыз, оны бейтарап жуғыш заттың шамалы мөлшерімен жуыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тостерді, қуаттау баусымын немесе штепсельді ашаны сұйықтыққа салмаңыз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Моделі	TR81M	
Тұтыну қуаты	680-800 Вт	
Электр қуаттау параметрлері	2240-240 В ~ 50/60 Гц	
Корпустағы материалы	Пластик/металл	
Электр тогы соғуынан қорғау класы	I қорғау класы	
Температуралық талаптар*	Пайдалану (°, C)	+5...+40
	Сақтау және тасымалдау (°, C)	--30...+40
Ылғалдылыққа қойылатын талаптар*	Пайдалану (%)	30-80 (конденсат жоқ)
	Хранение и транспортировка (%)	
Құрылғыны өлшемі (ЕхБхТ)	232x166x140 мм	
Құрылғының салмағы	0,75 кг	

* Біз үнемі өніміміздің сапасын жақсартамыз, сондықтан бұйымның дизайны, функционалдық жабдықталуы, жұмыс алгоритмдері, жиынтықтамасы мен техникалық сипаттамалары алдын ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.

СӘЙКЕСТІК СЕРТИФИКАТЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тауар Ресей аумағында өнімді сертификаттау жөніндегі орган «ПРИОРИТЕТ» жауапкершілігі шектеулі қоғамымен сертифициатталған.
Қорапта жаңа сертификаттың көшірмесі болмаған кезде көшірмесін сатушыдан сұраңыз.
Тауар нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді:
004/2011 КО ТР «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
020/2011 КО ТР «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Сертификат № TC RU C-CN.ГA05.B.03866
Қолданылу мерзімі: 14.02.2018 бастап
13.02.2023 дейін

Сәйкестік сертификаты туралы толық ақпаратты сатушыдан, жедел желі телефоны арқылы немесе www.bbk.ru сайтынан ала аласыз.

* Өнім құрғақ, желдетілетін қойма үй-жайларында - 25°С төмен емес температурада сақталуы тиіс.

АҚАУЛЫҚТАРЫН ІЗДЕУ

Сервис орталығына жүгінбес бұрын ақаулығының ықтимал себептерін тексеріңіз.

Ақаулықтың белгісі	Ақаулықтың себебі	Ақаулықты жою бойынша әрекеттер
Тостер қосылмайды.	Желілік баусым қуаттаушы желіге қосылмаған немесе қуаттаушы желінің параметрлері құрылғының техникалық сипаттамаларында мәлімделген электр тұтыну сипаттамаларына сәйкес келмейді.	Желілік баусымды тиісті параметрлері бар қуаттаушы желіге қосыңыз.
Пластмассаның иісі немесе дәмі бар.	Жаңа құрылғының бірінші қосылуы.	Тостерді алғашқы қосқанда қыздырғыш элементтердегі өндірістік майлардың қалдықтары шамалы уақытқа дейін түтін мен иіс шығаруы мүмкін, ол құрылғының істен шығу белгісі болып табылмайды.

СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ВВК сіздің таңдауыңыз үшін үлкен алғысын білдіреді. Осы бұйым сіздің сұранысыңызды қанағаттандыруы үшін, ал сапасы үздік әлемдік үлгілерге сәйкес болуы үшін біз барымызды салдық. ВВК маркасының бұйымы техникалық қызмет көрсетуді қажет етсе, Уәкілетті сервистік орталықтардың (УСО) біріне жүгінуіңізді сұраймыз. УСО толық тізімімен www.bbk.ru сайтында, сондай-ақ Бірыңғай ақпараттық орталық телефонының тегін нөміріне қоңырау шалып таныса аласыз (тиісті елдердің телефон нөмірлері нұсқаулықтың мұқабасында басылған).

Кепілдік міндеттемелердің шарттары

1. УСО беретін кепілдік міндеттемелер кепілдікті қызмет көрсету берілетін елдің аумағында өндіру немесе жеткізу және өткізу үшін арналған, осы елде сатып алынған, осы елдің стандарттарына сәйкестікке сертификаттаудан өткен, сондай-ақ сәйкестіктің ресми таңбаларымен маркаланған модельдер үшін ғана қолданылады.
2. Дайындаушы өз бұйымдары үшін келесі қызмет ету мерзімдері мен кепілдік мерзімдерін белгілейді:

Өнімнің атауы	Қызмет ету мерзімі, ай	Кепілдік мерзімі, ай
Тостер	36	12

3. Кепілдік міндеттемелер тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнама аясында қолданылады және олар берілген елдің заңнамасымен реттеледі және бұйымдарды тек жеке, отбасылық немесе үй-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдалану шарты сақталғанда қолданылады. Кепілдік міндеттемелер тауарларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында немесе тауарларды кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалану жағдайларына қолданылмайды.
4. Кепілдік міндеттемелер бұйымның төменде келтірілген керек-жарақтарына қолданылмайды, егер олардың ауыстырылуы құрастырмасымен көзделген болса және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса. Бұйымдардың барлық түрлері үшін:
- жалғау кәбілдері, антенналар және оларға арналған жалғастырығыш тетіктер, түрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштар (аудио-, бейнедискілер, бағдарламалық жасақтамасы және драйверлері бар дискілер, жад карталары), қуаттау элементтері;
 - тысқаптар, белдіктер, тасымалдауға арналған баусымдар, монтаждық керек-жарақтар, сайман, бұйымға қоса берілетін құжаттама.

5. Кепілдік тұтынушымен тауарды пайдалану, сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзу, үшінші тұлғалардың әрекеттері немесе еңсерілмейтін күш әсері салдарынан туындаған кемшіліктерге қолданылмайды, оның ішінде төмендегі жағдайларды қоса алғанда, бірақ шектелмей:
- Егер тауардың кемшілігі тауарды ұқыпсыз ұстау, мақсатына сәйкес емес қолдану, пайдалану жөніндегі нұсқаулықта мазмұндалған пайдалану шарттары мен ережелерін бұзу салдарынан, оның ішінде жоғары немесе төмен температуралардың немесе шаңданудың әсер етуі, қуаттаушы, телекоммуникациялық және кәбілдік желілердің мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмеуі, корпусың ішіне сұйықтықтың, жәндіктердің және басқа бөтен заттардың түсуі, сондай-ақ бұйымды ұзақ уақыт бойы оның жұмыс істеуінің шекті режимдерінде қолдану салдарынан пайда болса.
 - Егер тауардың кемшілігі тауарды рұқсат етілмеген тестілеу немесе оның құрастырмасына не бағдарламалық жасақтамасына кез келген өзгерістерді енгізу талпыныстары, оның ішінде уәкілеттігі жоқ жөндеу ұйымында жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету салдарынан пайда болса.
 - Егер тауардың кемшілігі стандартты емес (типтік емес) және (немесе) сапалы емес аксессуарларды, қосалқы бөлшектерді, қуаттау элементтерін, түрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарын немесе стандартты емес (типтік емес) ақпарат форматтарын пайдалану салдарынан пайда болса.
 - Егер тауардың кемшілігі осы тауармен қолдануға ұсынылған қосымша жабдықтан ерекшеленетін қосымша жабдықты (аксессуарларды) бірге қолдануға қатысты болса. Өндіруші үшінші тұлғалармен өндірілген қосымша жабдықтың (аксессуарлардың) сапасы үшін, өз бұйымдарының осындай жабдықпен бірге жұмыс істеу сапасы үшін, сондай-ақ ВВК қосымша жабдығының басқа өндірушілердің бұйымдарымен бірге жұмыс істеу сапасы үшін жауапты емес.
 - Егер тауардың кемшілігі байланыс желілерінің, теле- немесе радиохабардың қанағаттанарлықсыз жұмысы жағдайында, желінің сыйымдылығы немесе өткізу қабілеті, радиосигнал қуаты жеткіліксіз болғанда, тауарды күрделі кедергі жағдайы аймағында, байланыс желісінің радиосигналын орнықты қабылдау шекарасында немесе аймағынан тыс пайдалануға, оның ішінде жергілікті ландшафттың ерекшеліктері мен оның құрылыстарына байланысты туындаса.
6. Қызмет ету мерзімі кезеңінде анықталған тауардың кемшіліктері оған уәкілеттік берілген жөндеу ұйымдарымен (УСО) жойылады. Кепілдік мерзімі ішінде кемшіліктерді жою толтырылған кепілдік талонының түпнұсқасы мен бөлшек саудамен сату-сатып алу шарты жасалу фактісі мен күнін растайтын құжаттарды (тауарлық, кассалық чек және т.б.) ұсыну кезінде тегін жүргізіледі. Көрсетілген құжаттардың болмауы жағдайында кепілдік мерзімі тауардың дайындалған күнінен бастап есептеледі. Сонымен бірге келесіні есепке алу керек:

• Бұйымға қоса берілетін құжаттамада сипатталған баптау мен орнату (құрастыру, қосу және т.б.) кепілдік міндеттемелер көлеміне кірмейді және пайдаланушының өзімен, сондай-ақ тиісті профильді Уәкілетті сервистік орталықтардың көршілігінің мамандарымен ақылы негізде орындалуы мүмкін.

• Бұйымдарға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар (түрлі үлгідегі тасымалдағыштардан ақпаратты оқу үшін жетектерді тазалау және майлау, қозғалмалы бөліктерін тазалау және майлау, шығыс материалдары мен керек-жақтарын ауыстыру және т.б.) ақылы негізде жүргізіледі.

7. Дайындаушы өз өнімінің адамдарға, үй жануарларына, мүлікке тікелей немесе жанама түрде келтірген ықтимал зияны үшін, егер бұл бұйымды пайдалану, сақтау, тасымалдау және орнату ережелері мен шарттарын сақтамау; тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда өзін жауапкершіліктен босатады.

8. Дайындаушы ешбір жағдайда қандай да бір ерекше, кездейсоқ, тікелей немесе жанама залал немесе шығындар үшін, оның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, жоғалтылған пайда, шығын немесе ақпаратты немесе деректерді пайдалану мүмкінсіздігі, ақпаратты немесе деректерді қалпына келтіру бойынша шығындар, бұйымды немесе онда немесе онымен бірге қолданылатын ауыстырмалы тасымалдағышта сақталатын ақпаратты пайдалану немесе пайдалану мүмкінсіздігіне байланысты орын алатын коммерциялық, өндірістік немесе өзге қызметтегі үзілістерден туындаған шығындар үшін жауапты емес.

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымды пайдалану

1. Дайындаушымен осы бұйым үшін белгіленген қызмет ету мерзімі бұйымды тек қана жеке, отбасылық немесе үй-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдалану жағдайында, сондай-ақ тұтынушымен бұйымды пайдалану, сақтау және тасымалдау ережелерін сақтау кезінде қолданылады. Бұйымды ұқыпты қолдану және пайдалану ережелерін сақтау жағдайында қызмет етудің нақты мерзімі Дайындаушымен белгіленген қызмет ету мерзімінен асуы мүмкін.

2. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін сізге бұйымға профилактикалық қызмет көрсетуді жүргізу және әрі қарай пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін Уәкілетті сервистік орталыққа жүгіну қажет. Бұйымдарға профилактикалық қызмет көрсету және оған диагностика жасау бойынша жұмыстар сервистік орталықтармен ақылы негізде орындалады.

3. Дайындаушы қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымға Уәкілетті сервистік орталыққа профилактикалық қызмет көрсетусіз оны пайдалануды жалғастыруды ұсынбайды, себебі бұл жағдайда бұйым тұтынушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне қауіп төндіруі мүмкін.

Бұйымды кәдеге жарату

Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды.

Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорынан алуға болады.

Өндірілген күні

Әр бұйымға әріптік-сандық қатар түріндегі бірегей сериялық нөмір беріледі және штрих-кодпен қайталанатын, ол келесі ақпаратты қамтиды: тауарлық топтың атауы, өндірілген күні, бұйымның реттік нөмірі. Сериялық нөмірі өнімнің артқы панелінде, орамасында және кепілдік талонында орналастырылады.

Өндірілген күні орамада және бұйымда орналастырылады.



TR180156012345678

1 2 3 4

- ① Алғашқы екі әрпі – тауарлық топқа сәйкестігі (Тостер - TR)
- ② Алғашқы екі саны - өндірілген жылы
- ③ Келесі екі саны - өндірілген айы
- ④ Соңғы сандар - бұйымның реттік нөмірі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Түсініспеушілікке жол бермеу үшін сізден бұйымды Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, кепілдік міндеттемелердің шарттарын мұқият оқып шығуды, кепілдік талонының дұрыс толтырылғандығын тексеруіңізді өтіне сұраймыз. Кепілдік талоны мыналар дұрыс және айқын көрсетілген кезде ғана жарамды: моделі, бұйымның сериялық нөмірі, сатып алу күні, сатушы-фирманың нақты мөрі, сатып алушының қолы. Бұйымның сериялық нөмірі мен моделі кепілдік талонында көрсетілгендерге сәйкес келуі тиіс. Осы шарттар бұзылған кезде, сондай-ақ кепілдік талонында көрсетілген деректер өзгертілген немесе өшірілген жағдайда, талон жарамсыз деп танылады.

Бірыңғай ақпараттық орталық компанияның Ресей, ТМД және Балтия елдеріндегі қызметінің толық ақпараттық сүйемелдеуін қамтамасыз етеді. Кәсіби операторлар сізді қызықтыратын кез келген сұраққа жылдам жауап береді. Сіз бірыңғай орталыққа сервистік сүйемелдеу сұрақтары бойынша, баптау және қосу жөнінде мамандардың ұсыныстарын алу үшін, сату орындары туралы ақпарат алу үшін, компаниямен жүргізілетін жарнамалық науқандар мен ұтыс ойындары туралы сұрақтармен, сондай-ақ компанияның Ресей, ТМД және Балтия елдері аумағындағы қызметі туралы кез келген басқан сұрақтармен жүгіне аласыз. Сұрақтарыңыз бар ма? Қоңырау шалыңыз - біз көмектесеміз!

Бірыңғай ақпараттық орталық (стационарлық телефондардан қоңыраулар тегін):

Беларусь - 8 (820) 007-311-11

Қазақстан - 8 (800) 080-45-67

Ресей - 8 (800) 200-400-8 (стационарлық және мобильді телефондардан қоңыраулар тегін)

Бірыңғай ақпараттық орталықтың жұмыс уақыты:

Дс-жм 9:00 бастап 20:00 дейін (мәскеу уақыты бойынша).

Сб, жс - демалыс күндері. Мемлекеттік мерекелер күндері ақпараттық орталық жұмыс істемейді.

Осы нұсқаулық авторлық құқық туралы халықаралық және ресейлік заңнамаға сәйкес қорғау нысаны болып табылады. Нұсқаулықты кез келген рұқсат етілмеген пайдалану, оның ішінде көшірмелеу, тираждау және тарату, бірақ онымен шектелмей, кінәлі тұлғаны азаматтық-құқықтық жауапкершілікке, сондай-ақ РФ ҚК 146-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке және РФ ӘҚБК 7.12-бабына (ӘҚБК ескі редакциясының 150.4-бабына) сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартуды көздейді.

Байланыс ақпараты:

1. Дайындаушы: BVK ELECTRONICS CORPORATION LIMITED, UNIT A2, 10/F TML TOWER, No.3 HOI SHING ROAD, TSUEN WAN, NEW TERRITORIES, HONG KONG.

2. Тұтынушылардың лайықсыз сапалы тауарға қатысты талаптарын қабылдау және қанағаттандыруға уәкілетті ұйым (дайындаушымен уәкілеттік берілген тұлға), - «Управляющая сервисная компания» ЖШҚ, 109202, Мәскеу, Фрезер тас жолы, 17А-үй, 1А-құр. service@smc.com.ru, 8(499) 550-50-82.

* Деректер дайындаушының, сатушының, өндірістік филиалдың, РФ-тегі импорттаушының және/немесе ЕТС елінің ауысуына байланысты өзгертілуі мүмкін. Деректердің өзгертілуі жағдайында өзекті ақпарат бұйымның орамасында орналастырылған қосымша жапсырмада көрсетіледі.

BVK ELECTRONICS CORPORATION LIMITED
ҚЫТАЙДА ЖАСАЛҒАН

v2.0

